



FTAMP 14.07.09
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-151-2-131-144>

Өзбекәлі Жәнібектің азаматтық, саяси және рухани өнегесін оқытудың мақсаты, міндеттері мен әдістемесі

Қ.С. Каримов^{*1}, Б.Р. Найманбаев²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

²Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан

(E-mail: ^{*1}karimov_kasymkhan@mail.ru, ²naimanbaev_b@mail.ru)

Аңдатпа. Өзбекәлі Жәнібек қазақ халқының тарихындағы аса көрнекті тұлғалардың бірі, қоғам қайраткері, ғалым және руханияттың жарқын өкілі. Бұл мақалада оның азаматтық ұстанымдары, саяси көзқарастары мен рухани құндылықтары талданып, оларды білім беру саласында оқытудың тиімді әдістері қарастырылады. Бұл ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – Өзбекәлі Жәнібек тағылымы арқылы жас ұрпақтың патриоттық, саяси және мәдени санасын қалыптастыру. Бұл жұмыста тарихи деректер мен ғылыми талдауларға сүйене отырып, оның еңбектерін оқытудың әдістемелік негіздері ұсынылады. Әдіснамалық бөлімде мазмұнды талдау, салыстырмалы зерттеу және педагогикалық әдістері қолданылады. Алынған нәтижелер Ө.Жәнібектің идеяларының қазіргі қоғамдағы рөлін ашып көрсетіп, білім беру бағдарламаларына интеграциялау мүмкіндіктерін анықтайды. Зерттеу нәтижелері білім беру саласындағы тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасын дамытуға негіз болады. Сонымен қатар, саяси және мәдени тұрғыдан Ө.Жәнібектің еңбектері мен қызметі арқылы адамгершілік құндылықтарды дамыту ұсынылады. Жұмыста оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдері ұсынылып, оларды білім беру процесінде қолдану жолдары талданады. Жұмыстың нәтижелері Өзбекәлі Жәнібек мұраларының жас ұрпақтың рухани, саяси және азаматтық сана-сезімін қалыптастырудағы маңызды рөлін дәлелдейді. Бұл мақала білім беру бағдарламаларын тұлғалық-бағдарлы дамытуға үлес қосады.

Түйін сөздер: Өзбекәлі Жәнібек, Тұлға, Азаматтық, Саяси өнеге, Рухани тәрбие, Әдістеме, Білім беру.

Кіріспе

Қазақ ұлтының қайталанбас жан иесі Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ мәдениетінің және өнерінің тарихында маңызды орын алған тұлға. Ол өз өмірінде қазақ халқының

Түсті: 24.04.2025; Жөнделді: 30.05.2025; Мақұлданды: 27.06.2025; Онлайн қолжетімді: 30.06.2025

мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосып, еліміздің әлеуметтік және мәдени дамуында маңызды рөл атқарды. Ө.Жәнібековтың шығармашылығы мен азаматтық қызметі қазіргі ұрпақ үшін өнегелі болып табылады. Оның өмірі мен қызметі арқылы жастарға рухани және азаматтық тәрбие берудің көптеген мүмкіндіктері бар. Ө.Жәнібековтың азаматтық және рухани өнегесін оқыту арқылы жастардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру, рухани байлықты сақтау және ұлттың мәдени мұрасын қадірлеу мүмкін болады. Өзбекәлі Жәнібек – Қазақстанның рухани, мәдени және саяси дамуындағы ерекше тұлға ғана емес. Оның азаматтық ұстанымы, саяси көзқарасы және рухани өнегесі қазіргі қоғам үшін маңызды рөл атқарады.

Ө. Жәнібектің өмір жолы мен еңбектері жастарды отансүйгіштікке, рухани байлыққа тәрбиелеуде ерекше маңызға ие. Осы зерттеуде Ө.Жәнібектің қызметінің негізгі қырлары, оның қоғамға тигізген ықпалы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында Ө.Жәнібектің еңбектерінің білім беру саласындағы қолданысы талданады. Сонымен қатар Өзбекәлі Жәнібектің өмірі мен қызметі қазақ халқының тәуелсіздікке, мәдени және рухани жаңғыруға ұмтылысын бейнелейді. Осы тұста тоқтала кетсек, әлемдегі әрбір ұлттың өзіне тән тілі, діні, тарихы болса, ал Өзбекәлі Жәнібек өз ғұмырында осыларды халқының бойына сіңіруге еңбек еткен тұлға. Осындай таласы көп өмір жолында азаматтық ар намысын биікке көтеріп, Ә.Кекілбаевтың сөзімен айтқанда «Рух сардары» болған тұлға (Кекілбаев, 1999).

XX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамы үлкен өзгерістер кезеңін бастан өткерді, ал бұл кезеңде рухани құндылықтарды сақтау маңызды міндеттердің бірі болды. Өзбекәлі Жәнібектің еңбектері ұлттық сана-сезімді ояту, мәдени мұраларды сақтау және жастардың рухани тәрбиесіне бағытталған. Оның негізгі идеяларының бірі – қазақ тілінің, салт-дәстүрлерінің және ұлттық мәдениетінің сақталуы. Сонымен қатар, ол қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік, теңдік және демократиялық құндылықтарды насихаттаушы болды.

Өзбекәлі Жәнібековтың өмірін зерттеу және оның өнегесін педагогикалық тұрғыдан оқыту қазіргі білім беру жүйесі үшін үлкен маңызға ие. Мақалада оның азаматтық және рухани өнегесін оқыту мақсаттары мен міндеттері, қолданылатын әдістемелік тәсілдер қарастырылады. Жас ұрпақтың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру және ұлттық мәдениетті сақтау жолында Жәнібековтың өмірі мен шығармашылығын тиімді оқыту үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер жүйесі анықталады.

Материалдар мен әдістер

Өзбекәлі Жәнібековтың азаматтық және рухани өнегесін оқытудың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру барысында әртүрлі зерттеу әдістері қолданылады. Бұл әдістер оның өмірі мен шығармашылығын тереңірек зерттеуге, оның қоғамдағы рөлін түсінуге және жастардың рухани және азаматтық тәрбиесіне әсер етуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында қолданылған негізгі әдістерге тарихи-аналитикалық, педагогикалық, салыстырмалы және деректанулық әдістер жатады. Сонымен қатар Өзбекәлі Жәнібектің ғылыми еңбектері мен мақалалары, оның өмірі мен қызметіне қатысты архив материалдары замандастарының естеліктері мен сұхбаттары зерттеу жұмыстарына негізделген мақалалар мен монографиялар қамтылады. Ғылыми

мақалада қойылған негізгі міндеттер мен мақсаттарға қол жеткізуде дереккөздерге, ғылыми мақалараға тарихнамалық талдау жүргізуге негізделеді. Тарихи-аналитикалық әдіс: Өзбекәлі Жәнібековтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуде негізгі әдіс болып табылады. Бұл әдіс арқылы автордың қоғамдық қызметі, шығармашылығы мен азаматтық жауапкершілігі зерттеліп, оның қоғамдағы орны мен тарихи маңызы анықталады. Педагогикалық әдіс: Жәнібековтың азаматтық және рухани өнегесін оқытудың педагогикалық тәсілдері мен стратегиялық бағыттары анықталады. Бұл әдіс жас ұрпақтың азаматтық сана-сезімін дамытуға бағытталған Салыстырмалы әдіс: Жәнібековтың өмірі мен шығармашылығын басқа тұлғалармен салыстыру арқылы оның азаматтық және рухани мәнін талдайды. Деректанулық әдіс: Жәнібековтың өмірі мен шығармашылығы туралы деректер жинақталып, олар ғылыми тұрғыдан талданады.

Талқылау мен нәтижелер

Тәуелсіз еліміздің болашағы – келешек ұрпақтың рухани байлығы, ұлттық мәдениеті мен біліміне, олардың саналы ойлау қабілеті мен іскерлігіне тығыз байланысты. Осы орайда, Қазақстанның ұлттық тұлғаларының өмірі мен қызметін зерттеу және оны білім беру үдерісіне енгізу өзекті мәселелердің біріне айналды. Өзбекәлі Жәнібек сынды тарихи тұлғаның саяси және рухани өнегесін оқыту арқылы жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, олардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігін арттыру ерекше маңызға ие.

Егеменді елдің білім беру жүйесінде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы терең білімді, ізденімпаз, шығармашылық ой-өрісі жоғары тұлғаны тәрбиелеу бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Өзбекәлі Жәнібектің саяси және рухани мұрасын оқыту барысында интербелсенді құралдарды пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыру өзекті педагогикалық әдістеме ретінде қолданылады. Өзбекәлі Жәнібектің саяси қайраткер ретіндегі ұстанымдары мен ұлттық мәдениетке қосқан үлесін оқыту барысында тұлғаның нақты әрекеттерін мысалға келтіру, мұрағаттық деректерді пайдалану және оларды сыныптағы талқылауға енгізу оқушылардың тарихи санасын қалыптастырады. Жалпы алғанда, білім алушылар олармен жұмыс істей алатын әртүрлі шектеулердің де жоқтығын сезіне білу керек (Miles MacLeod, 2020). Сонымен қатар, оның рухани құндылықтарын оқыту барысында патриотизм, ұлтжандылық және білімге құштарлық тәрізді қасиеттерді насихаттау педагогикалық әдістеменің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Өзбекәлі Жәнібековтың азаматтық және рухани өнегесін оқыту арқылы жастарды ұлттық құндылықтар мен мәдениетке деген құрметке тәрбиелеу, азаматтық жауапкершілігін арттыру, және қоғамда өзін-өзі дамытуға бағытталған қадамдарды жасау мүмкін болады. Ө.Жәнібековтың өнерге деген сүйіспеншілігі мен оның қоғамға қызмет етуі – жастардың азаматтық сезімін ояту үшін үлкен маңызға ие. Оның рухани өнегесі тек өнер саласында ғана емес, сонымен қатар оның азаматтық ұстанымында да байқалады.

Ө. Жәнібековтың өмірі мен шығармашылығы арқылы ұлттық құндылықтар мен рухани байлықты қадірлеу, ұлтжандылыққа деген құрметті арттыру жолында көптеген тиімді әдістемелік тәсілдер қолданылуы керек. Осы тұста тарихшы ғалымның замандастары

Ө.Жәнібековтің кітаптары мен оның еңбектері ұлттық мәдениетті, ұлттық сананы, жас ұрпақты, дәстүрді дамытуға қосқан үлесі туралы айтады. Солардың қатарында Өзбекәлі Жәнібековтің «Қазақтың ұлттық қол өнері» атты еңбегінде тарих пен этнографиямен тығыз байланысты деп саналатын қазақ қолөнерінің негізгі дәстүрлі түрлері ұсынылған. Ол қазақстанның оңтүстігіндегі стационарлық пәтерлерді, темір ұсталарын, сондай-ақ ұлттық киімдерді қалпына келтіреді, мұражай қорлары мен жеке Республикалық коллекциялардан 18-20 ғасырлардағы халық суретшілерінің туындыларын басып шығарады. Ал, «Уақыт керуені» кітабында Қазақ тарихы мен шығармашылығына оның тарихшы-этнографтардың мәселелерді зерделеуіне байланысты, жазылса, оқырман қауым, ғылыми қоғам, жазушылар мен суретшілер, мұғалімдер мен студенттер, сенімді пікірге, негізделген мектеп жастары назар аударатын нақты фактілерді, қызықты мәліметтерді таба алады (Жәнібеков, 1992).

«Жолайрықта» атты Ө.Жәнібековтың өз еңбегінде әлеуметтік-эстетикалық даму тәжірибесімен тікелей халықтық сәулет өнеріне арналған жұмыс болды. «Тағдыр тағылымы» атты еңбегінде тұлға өзінің өмір жолында ұрпақ тәрбиесін жақсартуға, ұлттық мәдениетті дамытуға, халқымыздың дәстүрлі өнерін насихаттауға өз үлесін қосты. Партияның, кеңестің, республика жастарының басшылығының қызметіндегі жылдар, тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу, қорғау, қайта өңдеу және пайдалану, сондай-ақ әділдік пен болашақ үшін күрестің кешегі дүрбелең дәуірі-мұның бәрі автордың қаламынан шыққан жақсы шежіре ретінде ұмытылмас кітаптарын жазды (Жәнібеков, 1996).

Өзбекәлі Жәнібектің азаматтық, саяси және рухани өнегесін оқытудағы алғышарттар бағыты – қазіргі уақытта Отан тарихындағы маңызды оқиғалар мен құбылыстардың себеп-салдарлы байланыстарын анықтап, қоғамдағы және адам санасындағы өзгерістер мен ауытқушылықтардың саяси-әлеуметтік негіздерін терең танып-білуге мүмкіндік беретін деректерді жинақтаған ерекше сала ретінде маңызға ие.

Бұл оқыту процесінде Өзбекәлі Жәнібек тұлғасының ұлт тарихындағы орны мен оның азаматтық, саяси және рухани қызметін оқыту үдерісінде маңызды орын алатынын көрсетеді. Сонымен қатар тарихи білім беру қоғамдастығындағы орын алып отырған консенсус тарих пәні өткенді оқытудың «ұлттық құрылыс» немесе «дағдыларға негізделген» көзқарас шегінен шығуға мүмкіндік береді деген идеяны қолдайды (Fordham M, 2012). Оның еңбектерін зерттеу мен талдау арқылы жас ұрпаққа елжандылық, ұлттық рух, тарихи сананы қалыптастырудағы рөлін айқындауға болады. Осыған байланысты зерттеудің келесі міндеті – тарих сабақтарында Өзбекәлі Жәнібектің мұрасын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау және оларды білім беру процесіне енгізу. Бұл үдеріс педагогикалық тұрғыдан келесідей алғышарттарға негізделеді:

Өзбекәлі Жәнібектің өмір жолы мен қызметін тарихи тұрғыдан жүйелі түрде талдау.

Оның саяси және рухани мұраларын қазіргі қоғамның қажеттіліктерімен байланыстыра оқыту. Ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру. Интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы материалды тартымды және түсінікті етіп жеткізу. Осы алғышарттарды негізге ала отырып, оқу-тәрбие процесінде Өзбекәлі Жәнібектің өнегелі мұрасын оқытудың маңыздылығы мен тиімділігін арттыруға болады.

Ө.Жәнібековтың еңбек жолы – ұлт пен елге адал қызмет ету мен табандылықтың жарқын үлгісі. Ол өз жолын қарапайым мұғалім ретінде бастап, кейін Қазақстан комсомол комитетінде бірінші хатшы болды, атқарушы комитеттің басшылық құрамында тәжірибе жинақтап, мәдениет саласында министрлік қызметін атқарды. Партия жұмысына белсене араласып, әрқашан елінің болашағына қызмет етті. Бұл жолдағы әр белес – оның қайраткерлік тұлғасын қалыптастыруға, адамдық әрі азаматтық ұстанымдарын бекітуге, бойындағы қабілеттерін аша түсуге ықпал етті. Ө.Жәнібековтың қазақ халқына деген құрметі, махаббаты мен ілтипаты алғашында жұмысынан көрініс тапқанымен, уақыт өткен сайын бұл сезімдер тереңдеп, оның жасаған істерінен айқын байқалды.

Біздің жас ұрпаққа осы тұлғаның еңбек жолынан үлгі алуды ұсынамыз. Ө.Жәнібеков сияқты қайраткерлердің еліне деген адалдығы, адамгершілік ұстанымдары, және ел мүддесіне жұмыс істеген ұмтылысы – әрқайсымыздың бойымызда азаматтық жауапкершілікті арттыруға негіз болуы тиіс. Оның мұрасы – тек қана қызмет жолындағы жетістіктер ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды қадірлеу, туған елге деген сүйіспеншілік, әрбір ісінде жоғары адамгершілік пен еңбекқорлықты басты ұстаным еткеннің көрінісі. Өзбекәлі Жәнібековтің азаматтық, саяси және рухани өнегесін оқытудың мақсаты – оның қазақ қоғамына қосқан теңдессіз үлесін жас ұрпаққа үлгі ету, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды насихаттау. Өзбекәлі Жәнібеков өз дәуірінде ұлттың өзін-өзі тануы мен жаңғыруы жолында ерекше еңбек етіп, мәдениет, білім, ғылым, және халық шығармашылығының дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Өзбекәлі Жәнібеков ұлт руханиятының сақталуына, қазақ халқының өзіндік ерекшеліктерін жоғалтпауына жанашырлық танытты. Оның бастамалары мен еңбектері ұлттық өнер мен мәдени мұраны қайта жаңғыртуға, халықтың тарихи жадын сақтауға бағытталды. Өзбекәлі Жәнібековтің ұлт болашағына қатысты идеялары қазақ қоғамының мәдени қайта өрлеуіне негіз болды, бұл оның саяси және рухани өнегесінің өзегі болып табылады.

Ө. Жәнібековтың жетістіктерге жетуіне және танымал болуына басты себепкер болған ең маңызды қасиеттерінің бірі – оның еңбекқорлығы. Ол еріншектікке төзбейтін, жалқаулықты ұнатпайтын жан ретінде алдына қойған мақсаттарына жету жолында барлық міндеттерін мұқият орындап, ешбірін аяқсыз қалдырмаған. Осындай жинақылығы, еңбекке адалдығы және өз ісіне жан-тәнімен берілуі оның өмір жолын жарқын етіп, табандылықпен биік белестерді бағындыруына ықпал етті. Ө. Жәнібековтің бойындағы еңбекқорлық, адалдық, табандылық, ұлтжандылық пен халыққа деген шынайы жанашырлық қасиеттері қазіргі қазақ қоғамының жастары мен өскелең ұрпағына айқын үлгі бола алады. Мұндай қасиеттер өскелең буынның алға қойған мақсатына жетуіне бағыт-бағдар беріп, олардың саналы әрі отансүйгіш азамат ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Егер әрбір жас ұрпақ Ө. Жәнібеков секілді өзіне талап қойып, әділдік пен адалдықты басты қағида етіп алса, қазақ халқының болашағы жарқын болары сөзсіз. Халық арасынан жаңа жарқын жұлдыздардың шығып, олардың табысы ел мақтанышына айналары анық. Ө. Жәнібеков билік басында жүрген кезінде өз басының пайдасын ойлаған жоқ, дүниеқоңыз немесе тар ойлы кейбір басшылардан өзгеше болды. Ол қазақ халқының мәселелерін шешуге, рухани байлығын сақтап, оны дамытуға ерекше көңіл бөлді. Ежелден қалған мәдени мұраларды қорғау, оларды сақтап, насихаттау үшін жан аямай еңбек етті. Әндер мен күйлердің халық арасында

сақталған нұсқаларын жинау, көне музыкалық аспаптарды табу және сақтау, мәдениет қызметкерлеріне қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ өнер саласының дамуына арналған бағдарламалар әзірлеу сияқты маңызды істердің ұйытқысы болды. Осы ірі жұмыстардың барлығына өзі тікелей араласып, жүйелі түрде атқарды.

Елі үшін аянбай еңбек етіп, ұлт болашағы үшін бар күш-жігерін арнаған бірегей тұлғаның жасаған істері сан қырлы. Оның алысты болжай білетін көрегендігі мен халық үшін сіңірген еңбегін қазақ жұрты әрдайым мақтанышпен еске алады. Бүгінгі таңда ұрпақтың бойында қайырымдылық пен ізгі қасиеттерді дамыту ұлттық құндылықтар арқылы жүзеге асырылатыны анық. Отбасы ішіндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар ұрпаққа ата-баба мұраларын бойына сіңірудің негізгі іргетасы болып табылады. Жастарды әдепті, саналы, ар-намысты және абыройлы азамат етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен халқымыздың ұлттық салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, дінін және ата-бабадан қалған құндылықтарын үйретуіміз қажет. Еліне деген сүйіспеншілік пен шынайы патриотизмнің бастауы ұлттық тәрбиеден нәр алады.

Алдымен ата-ана өз баласына ата-баба салтын сіңірудің алғышарттарын жасаса, қалғанын білім ұялары қостап әкетуі тиіс. Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының адал азаматы болуы керек. Ұлттың болашағы тек сол ұрпақтың қолында екенін түсіну – аса маңызды міндет. Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер айрықша рөл атқарады. Олар арқылы жас ұрпақ жалпы азаматтық мәдениетке жол тартып, өз халқының мәдени мұрасын әлемге жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз дәуірі мен өткенін кейінгі буынға мұра етіп қалдыруы қажет. Бұл ұлттық рухани мұраны сақтау мен оны өмірге бейімдеудің негізгі кепілі.

Өзбекәлі Жәнібековтің тұлғалық ерекшелігі – оның азаматтық, саяси және рухани өнегесінің тереңдігінде жатыр. Ол өз халқының ұлттық құндылықтарын сақтап қана қоймай, келер ұрпақтың мәдениетінің жұтаң тартып қалмауына бар күш-жігерін арнады. Оның елге сіңірген еңбегін ұлтына деген шынайы махаббат пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі деп бағалауға болады. Өзбекәлі Жәнібеков өз өмірін халқына қызмет етуге, ұлттық руханиятты сақтау мен дамытуға арнады. Осындай ұлтжанды азаматтардың қажырлы еңбегінің арқасында ұлттық құндылықтарымыз ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіліп, рухани байлығымыздың сақталып отырғаны анық. Бұл – Жәнібековтің өлшеусіз еңбегі мен өнегесінің айқын дәлелі. Оның азаматтық тұғыры, саяси көрегендігі және рухани тереңдігі бүгінгі жас буынға үлгі болып қала береді.

Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің екінші хатшысы А. Семенченко өзінің "біз Комсомол салдық, Комсомол бізді тұрғызды" деген кітабында былай деп жазады: "Ол сегіз жылдан астам Ө.Жәнібеков Республика жастарының көшбасшысы болды және осы салада тынымсыз еңбек етті.. Өзбекәлі Комсомолдың ірі мүшесі болды, Ол тек Қазақстан мен Орта Азияда ғана емес, Бүкіл Одақта өте танымал болды. Өз елінің әрбір баласы сияқты Өзбекәлі де ұлтқа өзін-өзі бағалауға, өз ұлтына деген сүйіспеншілік пен мақтанышқа, өз тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікке тән болды. Оның үстіне ол интернационализмнің ұлтты басып-жаншуына ешқашан жол бермеген, ұлтшылдық оған жат болған. Өзбекәлі үнемі жеке басын ойлаған жоқ, ол талантты жастарды, ақындарды, музыканттарды, суретшілерді іздеуге ұмтылды, олар өндірістегі екпінділердің пайда болуына және ғылымдағы таланттарға шын жүректен ризашылық білдірді" деген (Семенченко, 2015).

Қазіргі заманда жастарды рухани тұрғыда тәрбиелеу маңызды міндет болып табылады. Оқыту әдістерінің әртүрлілігі білім алушыларды қызықтырады (Berg, 2005). Бұл мақсатқа жету үшін оқу процесінде әртүрлі педагогикалық әдістер мен стратегиялар қолданылуы керек.

Тарих бойынша оқу бағдарламаларын тартымды оқытудың әлеуетін арттыру қажеттілігі байқалады (Counsell C, 2011). Сол себепті де қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың өмірі мен шығармашылығын оқыту барысында біз жастарды ұлтжандылыққа, оның мәдени мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуге болады.

Өзбекәлі Жәнібеков-жүрегі үлкен қайталанбас ұстаз. Қазақ білімінің қарашығанағы, қазір Абай есімімен аталатын Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің түлегі (1952), мамандығы бойынша тарихшы. Оңтүстік аймақтың Келес ауданында сабақ бере бастаған көрнекті тұлға есімін ұстаздар қауымы ерекше құрмет тұтады. Осы тұста әдебиеттанушы ғалым, жоғары оқу орындарында шәкірт тәрбиелеген академик Зейнолла Қабдоловтың мынадай пікірі бар: "Адамнан азамат, ал баладан данышпан ететін құдіретті күш-мұғалімнің жұмысы. Өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау мұғалімге ғана тән. Өзбекәлі Жәнібеков адамдардың қолынан келетін нәрсені үлкейтуге тырысатын жан, өнерге жаны ашиды. Осы жылы ширек ғасырда астам болған тұлға туралы естеліктер, зерттеулер кеңістігі аз емес. Қазіргі «Өзбекәлітану» әлемінің биігінде тұрған ғалым, филология ғылымдарының докторы Құлбек Ергөбек былай дейді: «Өзбекәлі Жәнібектің өзі өлшем. Бойын таза ұстар кісілік, халқына қалтқысыз қызмет етер жанпида қайраткерлік, тың танымнан туар жаңалыққа толы ғұламалылықтың өлшемі. Ендеше, «Өзбекәлі Жәнібек» деген ұғым кез-келген анықтауыш пен айқындауыш орнына жұмсалар әсіре бояулардан жоғары тұрады» (Рух сардары, 2011).

Зерттеудің нәтижесінде Өзбекәлі Жәнібектің саяси және рухани мұрасының білім беру процесіне енгізудің тиімді жолдарын ұсыну. Атап айтқанда: Жәнібектің еңбектерін талдауға арналған оқу құралдарын дайындау; Оқыту барысында ұлттық құндылықтарды насихаттаудың әдістемесін әзірлеу; Жастардың азаматтық және патриоттық санасын дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу.

Өзбекәлі Жәнібектің еңбектері әлеуметтік әділеттілік пен азаматтық белсенділік идеясын насихаттауға бағытталған. Ол ұлттық руханиятты дамытуға үлес қосып, өз заманының қоғамдық проблемаларын ашық көтерді. Оның азаматтық өнегесі жастарға үлгі бола алады. Соның бірі Ө.Жәнібековтың «Воспитание нового человека» атты жинағында жастарды еңбексүйгіштікке, жас ұрпақтың өмірдегі мақсаты мен мәні туралы сөз ете отырып тәрбиеге баулиды (Джанибеков, 1962).

Ө.Жәнібектің саяси қызметі оның елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне бей-жай қарамағанын дәлелдейді. Ол ұлттық саясатта әділдік, теңдік және әлеуметтік жауапкершілік принциптерін ұстанды.

Ө.Жәнібектің рухани мұрасы қазақ мәдениетінің айнасы болып табылады. Оның еңбектері арқылы ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік пен құрметті арттыруға болады.

Ө.Жәнібектің еңбектері негізінде дайындалған оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын болсақ, онда ол бойынша өткізілген сабақтар жас ұрпақтың қызығушылығын арттырды деп айта аламыз. Ө.Жәнібек идеялары ұлттық сананың қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Оның еңбектерін білім беру жүйесіне интеграциялау арқылы жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға болады.

Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметін зерттеу барысында оның қазақ мәдениеті мен руханиятына қосқан үлесі айқындалды. Ол ұлттық қолөнерді жаңғырту, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру және мәдени мұраны сақтау бағытында аянбай еңбек етті. Мысалы, оның бастамасымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Тайқазанның қайта оралуы жүзеге асты. Оның этнографиялық зерттеулері мен ғылыми еңбектері ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда үлкен маңызға ие. Жәнібековтің саяси қызметі де ерекше назар аударуға тұрарлық. Ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы, Мәдениет министрі қызметтерін атқарып, елдің мәдени саясатын дамытуға елеулі үлес қосты.

Оның бастамасымен көптеген мәдениет ошақтары мен өнер ұжымдары құрылды, ұлттық дәстүрлер жаңғыртылды. Сол себепті «...тұлға тарихы бірнеше тар мамандарға емес, білімді адамдардың үлкен аудиториясына ұсынуға тұрарлық» (Персональная история, 1999) деп айта аламыз. Өзбекәлі Жәнібеков ел тәуелсіздігін алғаннан кейін де, саяси және әлеуметтік мәселелерге қатысты өзекті ойларын баспасөз беттерінде жариялап, қоғамның дамуына үлес қосты. Оның барлық ойлары бірден іске асқан жоқ, десек те, талай азаматқа бағыт-бағдар беріп, терең ой салғаны анық. Оның идеялары ұлттың бірлігі мен тұтастығын сақтап, барша қазақстандықтардың тең құқыққа ие болуын армандағанын көрсетеді. Бұл ұстанымдары Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың құндылықтарымен үндес келді. 1998 жылғы Елбасының халыққа Жолдауындағы: «Біз өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті» (Назарбаев, 1998) деген сөздері Ө. Жәнібековтің ой-пікірлерімен сабақтасып жатыр.

Еңбегі әрдайым құрметке ие болып, ұрпақ жадында сақталады. Өзбекәлі Жәнібектің өмірі мен қызметі – жас ұрпақ үшін нағыз үлгі-өнеге. Оның ұлтқа сіңірген еңбегі, мәдени мұраларды жаңғыртудағы және қазақ халқының тарихи санасын қалыптастырудағы ролі ерекше. Ол рухани байлығымызды сақтап, дамытуға жанкештілікпен атсалысқан қайраткер ретінде қазақ мәдениеті тарихындағы шоқтығы биік тұлға.

Қазақ халқының тарихи мұраларын қалпына келтіруде, дәстүрлі өнерді насихаттауда және ұлттық болмысты нығайтуда Өзбекәлі Жәнібектің қосқан үлесі – мәңгілік мұра. Ол жасаған игілікті істер тек еліміздегі емес, әлемдік мәдениетке де қосылған зор үлес болып табылады.

Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі Қазақстанның ғылыми және мәдени қауымдастығы үшін ел тарихын терең түсінуге жол ашты. Бұған дәлел ретінде, 2008 жылы Алматыдағы көшеге, 2015 жылы Астанадағы көшеге және бір мектепке оның есімі берілгенін айтуға болады. Ал 2023 жылы Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіне Өзбекәлі Жәнібековтің есімі берілді (Жораева, 2015). Б.Е.Алтаев «Тірі кезінде аңызға айналған» – деген мақаласында Ө.Жәнібеков, ірі мемлекеттік, саяси және қоғамдық қайта өрлеу дәуірінің басында тұрған қайраткер, өз халқының нағыз патриоты қазақтардың ұлттық мәдениеті, халықтық әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері мен тұрмысын халық өмір бойы аңызға айналдырды деп жазады (Алтаев, 2021).

Р.Қ.Бекмағамбетов пен М.Ж.Бекмағамбетовалар өз зерттеулерінде Ө.Жәнібековтың мектептегі жастар ұйымын, сол уақыттағы комсомол ұйымдарының басшылығын жақсарту керек екенін алға тартады (Бекмағамбетов, Бекмағамбетова, 2021).

Өзбекәлі Жәнібеков тарихи сананың қалыптасуына ерекше назар аударып, ғылым, мәдениет және өнер салаларындағы жұмыстарды қайта қарауды ұсынған. Оның ұсынысымен арнайы комиссия құрылып, әдебиет пен өнер саласында бұған дейін теріс бағаланған тұлғалардың шығармашылығын зерттеу және әділ бағалау жұмыстары жүргізілді. Комиссия Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды көрнекті қайраткерлердің істерін қарастырумен айналысты. Бұл жұмыс тек үш тұлғаны ғана ақтап алумен шектелмей, Алаш қозғалысы мен Алаш Орда үкіметінің қызметіне жаңаша баға беруге негізделді. Осы жайында ғылыми зерттеулерінде Н.Баширов, Д. Қамзабекұлы, С.Дәрібаев, С.Сәтжанов, С.Омарова жазады. (Bashirov, Kamzabekuly, Daribayev, Sutzhanov, Omarova, 2024).

Тарихты тануға деген ұмтылыс – әрқашан адамдардың табиғи және маңызды қажеттілігі. Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі қазіргі жастарға адамгершілік пен ұлттық құндылықтарды дәріптеуде үлгі бола алады. Оның халыққа қалтқысыз қызметі мен рухани-мәдени мұраны сақтау жолындағы еңбегі Тәуелсіз Қазақстанның тұрақты дамуы мен демократиялық өзгерістеріне ерекше әсер етті. Өткенді тану мен өз тамырыңды білу – үлкен әлемде өз орныңды табудың маңызды кілті. Өзбекәлі Жәнібеков өз өмірін осы ізденіске арнады және бұл жолда үлкен үлгі қалдырды.

Рухани тұрғыдан алғанда, Ө.Жәнібековтің адамгершілік қасиеттері, елге деген сүйіспеншілігі мен адалдығы жастарға үлгі боларлықтай. Оның өмір жолы мен қызметі өскелең ұрпаққа патриотизм мен ұлттық құндылықтарды сіңіруде маңызды құрал болып табылады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда Өзбекәлі Жәнібековтың азаматтық және рухани өнегесін оқыту – қазіргі заманның аса маңызды міндеттерінің бірі. Оның өмірі мен қызметі тек саяси саламен ғана шектеліп қалмай, ұлт мәдениетінің дамуына, жастарды тәрбиелеуге үлкен үлес қосқан тұлға ретінде қалыптасты. Ө.Жәнібековтың шығармашылығы мен азаматтық қызметі бүгінгі ұрпақ үшін өнегелі болып табылады.

Ө.Жәнібековтың өмірін зерттеу және оның өнегесін педагогикалық тұрғыдан оқыту қазіргі білім беру жүйесі үшін үлкен маңызға ие. Бұл арқылы жастардың азаматтық сана-сезімін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттыру, рухани байлықты сақтау және ұлттың мәдени мұрасын қадірлеу мүмкін болады. Оның өмірі мен еңбектері жастарға үлгі болып, оларды елжандылыққа, мәдени мұраға құрметпен қарауға тәрбиелейді. Осы мақсатта оқу бағдарламаларына арнайы курстар енгізу, ғылыми зерттеулер жүргізу және мәдени іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Ө. Жәнібектің мұраларын оқыту заманауи білім беру жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болуы тиіс. Бұл бағытта алдағы уақытта қосымша зерттеулер мен педагогикалық тәжірибелер жүргізу қажеттігі айқындалады. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде ұлт тұлғаларының өнегесі мен тарихи маңызына ерекше назар аудару қажет. Өзбекәлі Жәнібековтың өмірі мен шығармашылығын оқыту арқылы жастарға ұлттық сананы қалыптастыру, рухани құндылықтарды сақтау, мәдениетке деген сүйіспеншілікті арттыру, және қоғамның дамуында белсенді рөл атқаруға дайын азаматтарды тәрбиелеу мақсатында педагогикалық стратегиялар мен әдістемелік тәсілдер қолданылуы тиіс. Өзбекәлі

Жәнібек мұраларын білім беру жүйесіне енгізу арқылы тұлғалық-бағдарлы оқытуға мүмкіндік бар екендігі тұжырымдалады. Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен еңбегін оқыту – жас ұрпақтың азаматтық жауапкершілігін, рухани байлығын және патриоттық сезімін нығайтудағы маңызды құрал. Ол ұрпаққа ел мүддесін жоғары қояды, әділдік пен бірлік жолында қызмет етуді өсиет етті. Оның ұстанымы мен еңбектері қазіргі педагогикада азаматтық білім беру мен ұлттық тәрбие жүйесінде ерекше орын алады. Ө.Жәнібековтің өнегелі өмір жолы – қоғамды дамыту жолындағы асыл мұра.

Авторлардың қосқан үлесі

Каримов Қ.С. – зерттеу жұмысын дайындау, құру; жұмыс нәтижелерін жинау, талдау, оларды түсіндіру, сыни қайта қарау; мәтін жазу және оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау.

Найманбаев Б.Р. – ғылыми жетекші ретінде жариялауға арналған мақаланың мазмұнын қарап, саралап құптау.

Әдебиеттер тізімі

Алтаев, Б. (2021) «Ставший легендой при жизни к 90-летию Узбекали Джанибекова», Мәдени мұра ғылыми журналы, №1, б. 146–156. <https://doi.org/10.47500/2021.v1.i1.15>

Бекмағамбетов, Р., Бекмағамбетова, М. (2021) «Советское детство Казахстана в 60-е годы XX века (по материалам газеты «Казахстанская правда»)», Отан тарихы, №2 (94), б. 142–157. https://doi.org/10.51943/1814-6961_2021_2_142

Володихин, Д.М. (отв. ред. и сост.) (1999) Персональная история. Москва: Мануфактура. 329, [2] с. Джанибеков, У. (1962) Воспитание нового человека. Алма-Ата. 45 с.

Жәнібеков, Ө. (1992) Уақыт керуені. Алматы: Жазушы. 192 б.

Жәнібеков, Ө. (1996) Тағдыр тағылымы. Естеліктер. Бірінші кітап. Алматы: Рауан. 192 б.

Жораева, Г. (2015) «Узбекали Джанибеков у истоков возрождения национальной культуры Казахстана», Наука вчера, сегодня, завтра: сб. ст. по матер. XX междунар. науч.-практ. конф., №1 (18). Новосибирск: СибАК.

Ергөбек, Қ. (құраст.) (2011) Рух сарбазы Өзбекәлі Жәнібеков 80. Алматы: Қазақпарат. 320 б.

Кекілбаев, Ә. (1999) Рух сардары бола білді: Өзбекәлі Жәнібек (Жарияланбаған жазбалар мен ол туралы естеліктер). Алматы: Арыс. 102 б.

Назарбаев, Н.Ә. (1998) «Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа», Қазақстан халқына Жолдау, 30 қыркүйек. Қолжетімді: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstanrespublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakhstan-khalkyna-zholdauy-1998-zhylyhy-kyrkuiek_1342858030 (қол жеткізілген күні: 2024 жылғы 20 тамыз).

Семенченко, А.Я. (2015) Мы строили комсомол, комсомол строил нас. Москва: Издательство Московского гуманитарного университета. 352 с.

Bashirov, N., Kamzabekuly, D., Daribayev, S., Sutzhanov, S. and Omarova, S. (2024) 'Intelligence of Kazakh: Idea of national liberation in literary works of Alash figures (XIX–XX)', Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics, (55), pp. 1290–1297. <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.129ky0>

Berg, M.N. van den and Hofman, W.H.A. (2005) 'Student success in university education: A multi-measurement study of the impact of student and faculty factors on study progress', Higher Education, 50, pp. 413–446. <https://doi.org/10.1007/s10734-004-6361-1>

Counsell, C. (2011) 'Disciplinary knowledge for all, the secondary history curriculum and history teachers' achievement', *The Curriculum Journal*, 22(2), pp. 201–225. <https://doi.org/10.1080/09585176.2011.574951>

Fordham, M. (2012) 'Disciplinary history and the situation of history teachers', *Education Sciences*, 2(4), pp. 242–253. <https://doi.org/10.3390/educsci2040242>

MacLeod, M. and van der Veen, J.T. (2020) 'Scaffolding interdisciplinary project-based learning: A case study', *European Journal of Engineering Education*, 45(3), pp. 363–377. <https://doi.org/10.1080/03043797.2019.1646210>

К.С. Каримов*¹, Б.Р. Найманбаев²

¹*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
г. Туркестан, Казахстан*

²*Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова,
г. Шымкент, Казахстан*

Цель, задачи и методика обучения гражданским, политическим и духовным ценностям Узбекали Жанибека

Аннотация. Узбекали Жанибек одна из самых выдающихся личностей в истории казахского народа, общественный деятель, ученый и яркий представитель духовности. В этой статье анализируются его гражданские позиции, политические взгляды и духовные ценности, а также рассматриваются эффективные методы их обучения в сфере образования. Основная цель данной научной статьи-формирование патриотического, политического и культурного сознания подрастающего поколения через уроки Узбекали Жанибек. В данной работе представлены методические основы преподавания его работ на основе исторических данных и научного анализа. В методологическом разделе используются методы содержательного анализа, сравнительного исследования и педагогики. Полученные результаты раскрывают роль идей УЖанибека в современном обществе и определяют возможности интеграции в образовательные программы. Результаты исследования послужат основой для развития концепции личностно-ориентированного обучения в сфере образования. Кроме того, в политическом и культурном плане предлагается развивать нравственные ценности через труды и деятельность УЖанибека. В работе представлены эффективные методы и приемы обучения, проанализированы пути их применения в образовательном процессе. Результаты работы подтверждают важную роль наследия УЖанибека в формировании духовного, политического и гражданского сознания подрастающего поколения. Данная статья вносит вклад в личностно-ориентированное развитие образовательных программ.

Ключевые слова: Узбекали Жанибек, личность, гражданство, политическое воспитание, духовное воспитание, методика, образование.

K.S. Karimov^{*1}, B.R. Naimanbayev²

¹*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan*

²*Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan*

The purpose, objectives and methodology of teaching the civic, political and spiritual values of Uzbekali Zhanibek

Abstract. Uzbekali Zhanibek is one of the most prominent figures in the history of the Kazakh people, a public figure, a scientist and a bright representative of spirituality. This article analyzes his civic principles, political views and spiritual values, and considers effective methods of teaching them in the field of education. The main goal of this scientific article is to form the patriotic, political and cultural consciousness of the younger generation through the teachings of Uzbekali Zhanibek. This work presents methodological foundations for teaching his works, based on historical data and scientific analysis. The methodological part uses content analysis, comparative research and pedagogical methods. The results obtained reveal the role of Zhanibek's ideas in modern society and identify opportunities for their integration into educational programs. The results of the study will serve as the basis for developing the concept of personality-oriented learning in the field of education. In addition, it is proposed to develop moral values through Zhanibek's works and activities from a political and cultural perspective. The work presents effective teaching methods and approaches and analyzes ways to use them in the educational process. The results of the work prove the important role of Zhanibek's legacy in shaping the spiritual, political and civic consciousness of the younger generation. This article contributes to the personality-oriented development of educational programs.

Keywords: Uzbekali Zhanibek, Personality, Citizenship, Political morality, Spiritual education, Methodology, Education.

References

- Altaev, B. (2021) 'Stavshij legendoj pri zhizni k 90-letiju Uzbekali Zhanibekova' [Became a Legend in His Lifetime: On the 90th Anniversary of Uzbekali Zhanibekov], *Mädeni mura ğılımi jurnaly*, (1), pp. 146–156. <https://doi.org/10.47500/2021.v1.i1.15> (in Kazakh)
- Bekmagambetov, R., Bekmagambetova, M. (2021) 'Sovetskoe detstvo Kazakhstana v 60-e gody XX veka (po materialam gazety "Kazakhstanskaya pravda")' [Soviet Childhood in Kazakhstan in the 1960s (Based on Materials from the Newspaper "Kazakhstanskaya Pravda")], *Otan tarihy*, 2(94), pp. 142–157. https://doi.org/10.51943/1814-6961_2021_2_142 (in Russian)
- Dzhanibekov, U. (1962) *Vospitanie novogo cheloveka* [Education of the New Person]. Alma-Ata. 45 s. (in Russian)
- Ergöbek, Q. (comp.) (2011) *Rukh sarbazy Özbekäli Zhänibekov 80* [The Spiritual Warrior Özbekäli Zhänibekov 80]. Almaty: Qazaqparat. 320 b. (in Kazakh)
- Volodikhin, D.M. (ed.) (1999) *Personal'naja istoriya* [Personal History]. Moskva: Manufaktura. 329 s. (in Russian)
- Zhanibekov, Ö. (1992) *Uaqyt kerueni* [The Caravan of Time]. Almaty: Jazushy. 192 b. (in Kazakh)
- Zhanibekov, Ö. (1996) *Тағдыр тағылымы. Estelikter. Birinshi kitap* [Lessons of Destiny. Memoirs. Book One]. Almaty: Rauan. 192 b. (in Kazakh)

Zhoraeva, G. (2015) 'Uzbekali Dzhaniybekov u istokov vrozhdeniya nacional'noj kul'tury Kazakhstana' [Uzbekali Dzhaniybekov at the Origins of the Revival of Kazakh National Culture], Nauka vchera, segodnja, zavtra: sb. st. po mater. XX mezhdunar. nauch.-prakt. konf., 1(18). Novosibirsk: SibAK. (in Russian)

Kekilbaev, Ä. (1999) Rukh sardary bola bildi: Özbekäli Zhänibek (Zhariiialanbağan jazbalar men ol turaly estelikter) [He Was a True Spiritual Leader: Uzbekäli Zhanibekov (Unpublished Notes and Memories about Him)]. Almaty: Aris. 102 b. (in Kazakh)

Nazarbaev, N.Ä. (1998) 'Eldegi jaǵdai, işki jäne syrtqy sayasattyñ negizgi baǵyttary turaly: jaña ğasyrda qoǵamdy demokratijalandyru, ekon. jäne sayasi reforma' [The Situation in the Country, Main Directions of Domestic and Foreign Policy: Democratization, Economic and Political Reform in the New Century], Qazaqstan halqyna Zholdau, 30 qyrkúiek. Available at: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstanrespublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-1998-zhylhy-kyrkuiek_1342858030 (Accessed: 20 August 2024). (in Kazakh)

Semenchenko, A.Ya. (2015) My stroili komsomol, komsomol stroil nas [We Built the Komsomol, and It Built Us]. Moskva: Izdatel'stvo Moskovskogo humanitarnogo universiteta. 352 s. (in Russian)

Bashirov, N., Kamzabekuly, D., Daribayev, S., Sutzhanov, S. and Omarova, S. (2024) 'Intelligence of Kazakh: Idea of national liberation in literary works of Alash figures (XIX-XX)', Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics, (55), pp. 1290–1297. <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.129ky0>

Berg, M.N. van den and Hofman, W.H.A. (2005) 'Student success in university education: A multi-measurement study of the impact of student and faculty factors on study progress', Higher Education, 50, pp. 413–446. <https://doi.org/10.1007/s10734-004-6361-1>

Counsell, C. (2011) 'Disciplinary knowledge for all, the secondary history curriculum and history teachers' achievement', The Curriculum Journal, 22(2), pp. 201–225. <https://doi.org/10.1080/09585176.2011.574951>

Fordham, M. (2012) 'Disciplinary history and the situation of history teachers', Education Sciences, 2(4), pp. 242–253. <https://doi.org/10.3390/educsci2040242>

MacLeod, M. and van der Veen, J.T. (2020) 'Scaffolding interdisciplinary project-based learning: A case study', European Journal of Engineering Education, 45(3), pp. 363–377. <https://doi.org/10.1080/03043797.2019.1646210>

Авторлар туралы мәліметтер:

Каримов Қ.С. – хат-хабар авторы, PhD докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Б.Саттарханова көшесі, 29, 161200, Түркістан, Қазақстан

Найманбаев Б.Р. – тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның профессоры, ғылыми жетекші, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, А. Байтұрсынов көшесі, 13, 160021, Шымкент, Қазақстан

Сведения об авторах:

Каримов К.С. – автор для корреспонденции, докторант PhD, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, улица Б. Саттарханова, 29, 161200, Туркестан, Казахстан

Найманбаев Б.Р. – доктор исторических наук, профессор НАН РК, научный руководитель, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, улица А. Байтурсынова, 13, 160021, Шымкент, Казахстан

Information about the authors:

Karimov K. – corresponding author, PhD student, International Kazakh-Turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi, B. Sattarkhanova STR., 29, 161200, Turkestan, Kazakhstan

Naimanbayev B. – doctor of historical sciences, professor of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, scientific supervisor. Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, A. Baitursynov STR., 13, 160021, Shymkent, Kazakhstan